

Кеден зертханаларында кедендік сараптама жүргізудің ережесін, Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 14 мамырдағы N 205 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2296. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 181 бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.04.22 N 181 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 58-тарауына, 369, 4 18-баптарына
с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Кеден зертханаларында кедендік сараптама жүргізудің ережесі;
- 2) Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеудің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы. Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін .

4. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.С.Айсағалиеваға ж ү к т е л с і н .

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының 2003 жылғы
14 мамырдағы N 205 бұйрығымен
бекітілген

Кеден зертханаларында кедендік сараптама жүргізудің

Ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 58-тарауына сәйкес әзірленді және кеден зертханаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі (бұдан әрі - ҚР КБА) кеден басқармалары мен кедендерінің кедендік сараптамалар және зерттеулер бөлімдері мен қызметтерінде (бұдан әрі - кеден зертханалары) кедендік сараптама жүргізудің тәртібін белгілейді, сондай-ақ кедендік сараптама жүргізу процесіне қатысушы тұлғалардың қызметін реттейді.

2. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың сапалы құрамын анықтау үшін, олардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес дұрыс жіктелу үшін зерттеулер жүргізу кедендік сараптаманың мақсаты болып табылады.

3. Тауарлар, кедендік және өзге де құжаттардағы тауарлар туралы мәліметтер, бірегейлендіру белгілері кедендік сараптамалардың объектілері болып табылады.

4. Сараптама жүргізу үшін:

1) кеден органдарынан материалдарды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау немесе белгіленген нысанда (1-қосымша) жасалған алдын ала біліктілік шешімін қабылдау кезеңінде сараптамаға жіберуге арналған жолдама (бұдан әрі - ж о л д а м а) ;

2) кеден және басқа мемлекеттік органдардың кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар анықталған кездегі белгіленген нысан бойынша жасалған (2-қосымша) кедендік сараптама тағайындау туралы қаулысы (бұдан әрі - қаулы).

5. Жолдама, қаулы мынадай деректер көрсетіле отырып ресімделеді:
сараптама жүргізуге арналған негіздеме;
кедендік сараптама жүргізулерге тиіс болатын, кеден зертханасының атауы;
сараптама тағайындау үшін негіздеме (оның қажеттілігі келісілетін жағдаяттар мен фактілер);

сарапшының алдына қойылатын мәселелер;
сарапшының қарауына ұсынылатын материалдар;
сараптама тағайындаушы адамның лауазымы, тегі және аты-жөні.

6. Жолдамалар, қаулылар, сыртқы экономикалық қызметке (бұдан әрі - СЭҚ) қатысушылардың өтініштері журналға тіркеледі (4-қосымша).

7. Тауарларға сараптаманы кеден зертханалары ҚР КБА бөлген қаражаттың есебінен жүргізеді. Сараптама СЭҚ-қа қатысушылардың өтініші бойынша жүргізілген кезде төлем Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

2. Сараптаманың түрлері

8. Қосымша сараптама жаңадан ашылған жағдаяттар бойынша тағайындалады. Қосымша сараптаманы жүргізу бастапқы сараптаманы орындайтын сарапшыға немесе басқа сарапшыға тапсырылуы мүмкін.

9. Қайталама сараптама СЭҚ қатысушы сараптаманы тағайындаған кеден органы мен кеден зертханасына сарапшының қорытындысына келіспейтіндігі туралы жазбаша хабарлаған жағдайларда, бастапқы сараптама жүргізілген объектілерді зерттеу және сол мәселелерді шешу үшін тағайындалады. Қайталама сараптама басқа сарапшыға немесе сарапшылар тобына тапсырылуы м ү м к і н .

10. Комиссиялық сараптаманы бір мамандықтағы сарапшылар тобы жүргізген кезде кеден зертханасының бастығы сараптама тобының басшысын тағайындайды. Жалпы қорытындыға біріккен зерттеудің нәтижелерін бағалауға қатысқан және бір байламға келген барлық сарапшылар қол қояды.

Егер, сарапшылар ортақ тұжырымға келмеген жағдайда олар міндетті түрде өзінің комиссияның басқа мүшелерімен келіспеуінің себебін көрсете отырып жалпы қорытындыда өзіндік тұжырым жасайды. Әрбір сарапшы комиссияның басқа мүшелерінің пікірімен келіспеу себептерін негіздеуге міндетті. Өзіндік тұжырым жасаған кезде сарапшылар комиссияның басқа мүшелерінен алынған нәтижелерді, өз тұжырымдарының негіздемесінде сілтеме жасай отырып е с к е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Кешендік сараптамаға мәселелерді бірлесіп шешу және жалпы қорытынды жасау үшін әртүрлі мамандықтағы сарапшылар қатысады, бұл ретте әрбір сарапшы өз пәніне жататын мәселелерді зерттейді. Сарапшылар кешендік сараптама қорытындысының зерттеу жүргізген бөлігінде қорытындыларды өз тектерін көрсете отырып жеке бөлімдер нысанында жаза алады. Зерттеулердің нәтижелері бойынша зерттеудің нақты бөлігін жүргізген сарапшылар қол қоятын аралық қорытындылар жасалуы мүмкін. Нәтижелерді жалпылау мен біріккен бағалау зерттеулік бөлігінің жалпылаушы бөлімінде жазылады.

3. Сараптама жүргізу орны

11. Сараптама кеден зертханаларында ие зерттеу объектісін кеден зертханаларына жеткізу мүмкін болмайтын жағдайларда өзге де орындарда жү р г і з і л е д і .

4. Сараптаманы жүргізу мерзімдері

12. Үш тәуліктен аспайтын орындалу мерзімдері белгіленетін күрделі және көп объектілі сараптамаларды қоспағанда, тауарлардың кеден мақсаттарындағы барлық сараптамалары бір тәуліктің ішінде жүргізіледі. Белгіленген мерзімдерді ұзарту сарапшы ұсынатын мәлімдеменің негізінде кеден зертханасының немесе кеден органы басшысының шешімі бойынша айқындалады.

5. Сараптама жүргізуге қатысатын адамдардың міндеттері мен құқықтары

13. Кеден зертханасының басшысы:
сараптамаға қатысты материалдармен танысуға;
өткізілген сараптамалардың түрі мен мөлшерін айқындауға;
сараптамаларды жүргізу үшін сарапшыны (комиссиялық сараптамаларды жүргізу кезінде сарапшыларды) белгілеуге;
белгіленген сараптама жүргізу мерзімдерінің оның орындалу мерзіміне бақылауды жүзеге асыруға;

зерттеудің толықтығы мен қорытындылардың негізділігіне, сарапшының сараптама жүргізу кезінде әдістемелік ұсынымдарын сақтағандығына, сараптамалық қорытындыны ресімдеудің дұрыстығына бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

14. Өткізілген сараптамаға қатысты қосымша мәліметтерді алған кезде кеден зертханасының бастығы бұл сараптаманың қорытындыларының күшін жоюға құқығы бар. Кеден органы мен СЭҚ-қа қатысушы сараптама қорытындыларының күші жойылғандығы туралы жазбаша хабардар етіледі.

15. Сарапшы сараптамаға жататын материалдарды алғаннан кейін, кеден зертханасы басшысының жазбаша тапсырмасы бойынша сараптама жүргізуге кіріседі.

Сарапшының алдына қойылған мәселелер мен оның қорытындысы оның құзыретінің шегінен шығуы мүмкін емес.

16. Сарапшы:

кедендік сараптамаға қатысты материалдармен танысуға;
кедендік сараптамаға ұсынылған тауарлардың сынамалары мен үлгілеріне зерттеу жүргізуге және зерттеулердің нәтижелерін толық, жан-жақты және объективті бағалаудың негізіндегі қорытындыны ұсынуға;
қорытындыға олар бойынша сұрақтар қойылмаған іс үшін мәні бар жағдайлар туралы қорытындыларын енгізуге;
кедендік сараптама мәселелері жөнінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға консультациялар беруге;
іс жүргізуінде немесе қарауында кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар

туралы іс бар тұлғаның шақыруы бойынша түсінік беру немесе өзі берген қорытындыны толықтыру үшін жауапқа келуге;
сараптама жүргізу кезінде әдістемелік нұсқаулықтарды, сараптама қорытындысын ресімдеудің дұрыстығын сақтауға;
кедендік сараптаманың нәтижесінде алынған мәліметтерді жария етпеуге
м і н д е т т і .

С а р а п ш ы :

егер алға қойылған мәселелер оның құзыретінен жатпайтын жағдайда сараптама жүргізуден бас тартуға;
өзінің құзыретіне енбейтін сұрақтарға жауап беруден бас тартуға;
кедендік сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша материалдар ұсыну туралы өтініш білдіруге құқылы.

Сарапшы өз міндеттерін орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

6. Сарапшының қорытындысы

17. Зерттеулердің нәтижелері бойынша сарапшы белгіленген нысан бойынша (3-қосымша) жазбаша қорытынды жасайды.

18. Сарапшының қорытындысы үш: кіріспелік, зерттеулік және қорытындылық бөліктерден тұрады.

1) Сараптамалық қорытындының кіріспелік бөлігінде: сараптаманың атауы (ол қосымша, қайталама, комиссиялық немесе кешендік б о л ы п т а б ы л а м а) ;

сараптама жүргізу үшін негіздеме және сараптаманы тағайындаған кеден органның немесе СЭҚ-қа қатысушының атауы;

сараптамаға арналған материалдардың түскен күні және қорытындыға қол қ о й ы л ғ а н к ү н ;

сараптамаға түскен материалдар мен басқа да зерттеу объектілерінің атауы;

істің жағдаяты және қорытынды беру үшін маңызы бар басқа деректер;

с а р а п т а м а н ы жү р г і з у о р н ы ;

з е р т т е у м і н д е т т е р і ;

сарапшы туралы мәліметтер (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) көрсетіледі.

Сарапшы мәселелерді олар сараптама жүргізу үшін жолдамада (қаулыда) көрсетілгендей тұжырымда келтіреді.

Қайталама немесе қосымша сараптаманы жүргізу кезінде кіріспелік бөлімде бастапқы сараптамалар туралы мәліметтер де (сараптамалық қорытындының күні және нөмірі, оны қайда және кім жүргізді, бастапқы сараптаманың сарапшының алдына қайталама сараптама үшін қойылған мәселелер жөніндегі

тұжырымдары) жазылады. Қайталама немесе қосымша сараптама жүргізу қажеттілігіне негіздеме беріледі.

Кешендік немесе комиссиялық сараптама жүргізу кезінде сараптаманың кіріспелік бөлігінде барлық қатысқан сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Кешендік немесе комиссиялық сараптамалардың алдында нәтижелері жалпы мәселені шешуге ықпалы болуы мүмкін сараптамалардың басқа түрлері жүргізілген болса, онда қорытындының кіріспелік бөлігінде осы сараптамалар туралы деректер келтіріледі.

2) Сараптамалық қорытындының зерттеулік бөлігінде зерттеудің процесі және оның нәтижелері сипатталады, сондай-ақ анықталған фактілер бойынша нақты түсініктемелер беріледі.

Сарапшыға қойылған әрбір сұраққа зерттеулік бөліктің белгілі бір бөлімі сәйкес келуі тиіс. Өзара тығыз байланысты екі немесе одан да көп мәселелерді бір мезгілде зерттеу қажет болған кезде нәтижелер бір бөлімде жазылады.

З е р т т е у л і к б ө л і г і н д е :
з е р т т е у д і ң о б ъ е к т і л е р і ;

қажет болған жағдайда зерттеуді қайталай отырып сарапшы қорытындысының дұрыстығын тексеру мүмкін болуы үшін арнайы білімі жоқ адамдарға түсінікті, егжей-тегжейлі етіп сипатталатын зерттеулердің әдістері мен т ә с і л д е р і ;

сарапшы алдына қойылған мәселелерді шешу кезінде басшылыққа алған олардың шығарылған күні мен орны көрсетіле отырып анықтамалық-нормативтік материалдар;

қосымшаларға сілтеме және оларға қажетті түсініктемелер;
зерттеу жүргізуде пайдаланылған өлшейтін аспаптар (атауы, тұрпаты және б а с қ а л а р) ;

зерттеудің қорытындыларына шешілетін сұрақ бойынша қорытындыны негіздейтін пайымдаулардың ашылған дәлелдемелері бар сараптамалық бағалау ж а з ы л а д ы .

Қосымша сараптаманың барысында, егер сарапшы қосымша сараптама барысында оларды пайдаланған болса, қорытындының зерттеулік бөлігінде бұрын жүргізілген сараптаманың нәтижелеріне сілтеме жасалуы мүмкін.

Қайталама сараптама кезінде, егер ондайлар орын алған болса, тұжырымдардың алдыңғы сараптамалардың нәтижелерінен айырмашылығының с е б е п т е р і к ө р с е т і л е д і .

3) Қорытындылық бөлікте сарапшының тұжырымдары қойылған мәселелерге нақты жауаптар беруі тиіс және жауаптардың жүйелілігі мәселелердің жүйелілігіне сәйкес келуі тиіс. Қойылған мәселелерге жауап беру мүмкін болмаған жағдайда себептері көрсетілуі тиіс.

Сарапшыға қойылмаған, бірақ ол оны зерттеу процесінде анықтаған жағдаяттар бойынша тұжырымдар қорытындының аяғында жазылады.

Сарапшы анықтаған профилактикалық сипаттағы жағдаяттар қорытындының зерттеулік бөлігінде, ал кедендік құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ұсыныстар оның қорытынды бөлігінде жазылады.

Екіұдайылық түсіндіруді болдырмау үшін тұжырымдар дәл және айқын ж а з ы л у ы т и і с .

19. Сарапшының қорытындысында тіркеу нөмірі мен жасалған күні көрсетілуі тиіс. Сарапшының қолы мөрмен расталады.

Егер сараптамалық қорытындыға сызбалар, кестелер, графиктер және т.б. түріндегі қосымшалар қоса берілетін жағдайда, оларға да сарапшы қол қояды ж ә н е м ө р м е н р а с т а л а д ы .

20. Сарапшының қорытындысы екі данада жасалады. Кеден зертханасының басшысы қол қойған, "Жөнелтілетін құжаттарды тіркеу журналында" белгіленген ілеспе хаты бар бірінші дана сараптаманы тағайындаған адамға жіберіледі, екіншісі - кеден зертханасында қалады.

21. Кедендік сараптама жасау кезінде сарапшы ресми, жарияланған немесе арнайы көздерден (нормативтік-ақпараттық әдебиеттен және құжаттардан) алынған ғылыми-техникалық ақпаратты және интернет бойынша алынған деректерді қолдануға құқылы. Заттарды өзіндік немесе зертханадан тыс сынақтар мен зерттеулердің нәтижелерін, оның ішінде ғылыми әдістемеліктерді де, сондай-ақ, нақты тауар бойынша басқа зерттеу зертханалары мен мекемелері зерттеулерінің нәтижелерін пайдалана алады.

7. Қорытынды ережелер

22. Қажет болған жағдайда кедендік сараптаманы жүргізу үшін басқа зерттеу мекемелері мен ұйымдарының мамандары тартылуы мүмкін.

23. Егер тиісті мамандардың немесе жабдықтардың жоқтығынан сараптаманы кеден зертханасында жүргізу мүмкін болмаса бұл туралы сараптама жүргізу үшін материалдар ұсынған тұлға жазбаша түрде хабардар етіледі және ұсынған м а т е р и а л д а р ы қ а й т а р ы л а д ы .

24. СЭҚ-қа қатысушы немесе кеден органы сарапшының қорытындысымен келіспеген жағдайда ҚР КБА-ға шағымдануға құқылы. Тауарларды жіктеу бойынша ҚР КБА шешімі түпкілікті болып табылады.

25. Сарапшының қорытындысы және сараптамаға ұсынылған барлық тауарға ілеспе құжаттар 5 жыл көлемінде сақталады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К е д е н д і к б а қ ы л а у а г е н т т і г і

төрағасының 2003 жылғы
14 мамырдағы N 205 бұйрығымен
бекітілген
Кеден зертханаларында кедендік
сараптама жүргізудің ережесіне
1-қосымша

(кеден зертханасының атауы)

бастығы _____

Кедендік сараптама жасау үшін
Жолдама

N _____ 200__ жылғы "___" _____

N _____ ЖКД бойынша кедендік ресімдеуі жүргізу
мақсатында кедендік сараптама жүргізу үшін _____
жолдаймыз.

1. Зерттеу объектісінің сипаты _____

2. Зерттеудің міндеттері _____

3. Ұсынылған материалдар (сынамалар мен үлгілердің мөлшері;
тауарға ілеспе құжаттар)

(кеден органының атауы)

бастығы _____

(қолы) (есімі, тегі)

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі

төрағасының 2003 жылғы

14 мамырдағы N 205 бұйрығымен

бекітілген

Кеден зертханаларында кедендік
сараптама жүргізудің ережесіне

2-қосымша

Б е к і т е м і н

(кеден органының атауы)
бастығы _____ М.О.
(Е . Ә . Т е г і)
_____ " ____ " _____ 200 ____ жыл

(қолы)
Кедендік сараптама тағайындау туралы
Қаулы

(лауазымы, арнаулы атағы, аты-жөні)
_____ 200 ____ жылғы " ____ " _____

(іс бойынша, фактісі бойынша)
_____ материалдарды қарап

қаулы етті:

_____ да 200 ____ жылғы " ____ "
(кеден зертханасының атауы)

(іс жағдайларының қысқаша мазмұны)

(с а р а п т а м а т ү р і)
_____ тағайындалсын.

Сараптаманың шешуіне мынадай сұрақтар қойылады:

1. _____
2. _____
3. _____

Ұсынылған құжаттар _____

Ұсынылған материалдар _____

_____ " ____ " _____ 200 ____ жыл

(жасалған орны) (лауазымды адамның қолы)
Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының 2003 жылғы

14 мамырдағы N 205 бұйрығымен
бекітілген
Кеден зертханаларында кедендік
сараптама жүргізудің ережесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

(сараптама қызметінің атауы)

Сарапшының қорытындысы

N _____ "____" _____ 200__ ж.

Сарапшы (лар) _____

Зерттеу жүргізу үшін негіздеме _____

Жүк алушы _____

Жүк жөнелтуші _____

Тауардың атауы және оның мөлшері _____

Ұсынылған құжаттар мен материалдар _____

Зерттеу міндеттері _____

Зерттеу

Тұжырымдар

Сарапшы (лар) _____

Бөлім бастығы _____

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі

төрағасының 2003 жылғы

14 мамырдағы N 205 бұйрығымен
бекітілген

Кедендік сараптама жүргізуге арналған жолдамалар
мен қаулыларды тіркеу
Журналы

Сынаманың !Келіп !Сынаманың!Сараптамаға ! Зерттеу !Зерттеу
(үлгінің) N!түскен!(үлгінің)!қайдан келіп!үшін қандай !нәтижесі
!күні !атауы !түсті ! бөлімге !
! ! ! !(кімге) берілді!

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының 2003 жылғы
14 мамырдағы N 205 бұйрығымен
бекітілген

Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеудің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы кеден кодексінің 369 , 418 және 458-баптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың сынамалары мен үлгілерін зерттеу жүргізу үшін іріктеудің тәртібін белгілейді.

2. Негізгі ұғымдар:

1) сынама - зерттелетін тауардың барлық мөлшерінің құрамы мен қасиетін сипаттайтын тауардың оңтайлы қажетті бөлігі;

2) үлгі - барлық партияның (серияның) құрамы мен қасиетін, құрылымын толық сипаттайтын өнімнің бірлігі.

2. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеуді жүргізуге қатысатын адамдар

3. Тауарларға кедендік сараптама жүргізу үшін кеден органдарының лауазымды адамдары сынамалар мен үлгілердің іріктеуін жүргізеді.

4. Кеден органының рұқсатымен кеден бақылауындағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар және тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие тұлғалар, олардың өкілдері кеден органы лауазымды адамының қатысуымен ала алады.

5. Тауарға қатысты уәкілеттігі бар адамдар, олардың өкілдері кеден органдары лауазымды адамдарының және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеуіне қатысады.

6. Тауарға қатысты уәкілеттігі бар адамдар және олардың өкілдері болмаған кезде, тауарлар кедендік ресімдеуге ұсынылғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң ол келмеген жағдайда, сондай-ақ кейінге қалдыруды күтпейтін жағдаяттар кезінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін кеден органдары екі куә адамдардың қатысуымен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу актісін жасай отырып іріктей алады. Мұндай жағдайларда декларант тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу кезінде қатысады. Декларант кеден органдарының лауазымды адамдарына тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу кезінде көмек көрсетуге, оның ішінде өз есебінен жүктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға міндетті.

7. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеуді тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жазбаша өтініш жасағаннан және кеден органдарының рұқсатын алғаннан кейін жүргізеді.

8. Тиісті мемлекеттік уәкілетті органдардың кеден органдарына жазбаша өтінішінде мыналар болуы тиіс:

органның атауы мен мекен-жайы;

тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу үшін негіздеме;

тауарлардың тұрған жері;

тауар туралы мәліметтер, оның ішінде тауарларға ілеспе құжаттарында көрсетілгендер;

зерттеуге жататын тауарлар тиелген көлік құралдарының бірегейлендіру мәліметтері;

тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеуді жүргізу үшін қажетті басқа да мәліметтер;

сараптама жүргізгеннен кейін тауарлардың іріктелген сынамалары мен үлгілерін зерттеудің нәтижелерін кеден органдарына ұсынуға міндеттеме.

3. Сынамалар мен үлгілерді іріктеуді жүргізу орны

9. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу кедендік бақылау аймағында, сондай-ақ басқа да кеден органдары белгілеген тауарлар тұрған жерлерде жүзеге асырылады.

4. Сынамалар мен үлгілерді іріктеу рәсімі

10. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу алдында тауардың таңбасы бойынша атауын және жүктің қауіптілігі белгілерінің болуын тексеру, сондай-ақ міндетті түрде радиациялық аясын өлшеу қажет. Одан әрі тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу әрбір нақты тауарға арналған қауіпсіздік техникасын сақтай отырып жүргізіледі.

11. Тауарлардың сынамалары мен үлгілері тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеудің нормаларын ең аз көлемде көздейтін, оларды зерттеудің мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативтік-техникалық құжаттамаларға (ГОСТ-тар, ҚР СТ және сол сияқтылар) сәйкес іріктеледі.

12. Кедендік сараптама жүргізу үшін тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу белгіленген нысан бойынша (1-қосымша) Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу актісін жасау жолымен ресімделеді. Акт үш данада жасалады: бірінші дана кеден органында қалады және жүк кедендік декларациямен (ЖКД) бірге сақталады, екіншісі - іріктелген сынамалар және үлгілермен бірге лабораторияға жіберіледі, үшіншісі - тауарға қатысты уәкілеттігі бар адамға немесе оның өкіліне беріледі.

13. Сараптамаға жіберілетін тауарлардың сынамалары мен үлгілері тауардың қасиеттеріне сәйкес оралған және ораманың бұзылмауын қамтамасыз ету жапсырмасымен сүргіленген болуы тиіс.

14. Тауарларға қатысты уәкілеттігі бар адамдар және олардың өкілдері тауарлардың сынамалар мен үлгілерін іріктеуі кезінде алдын ала шешім қабылдау кезеңінде тауарлардың қасиеттері туралы ақпараттарды алу мақсатында актіні ресімдеу және бұзылмауын қамтамасыз ететін жапсырма талап етіледі.

15. Тиесілі үлгімен оралған сынамаға ілеспе жапсырмада мыналар көрсетілуі тиіс:

ө н і м н і ң а т а у ы ;
өнімді дайындаушы кәсіпорынның атауы;
өнімді тасымалдайтын кәсіпорынның атауы;
партияның нөмірі, өнімнің маркасы (сорты);
сынама алынған партиядағы өнімнің мөлшері;
тауарға нормативтік-техникалық құжаттаманың белгіленуі және атауы;
с ы н а м а а л ы н ғ а н к ү н ;

сынаманы алған лауазымды адамның тегі және аты-жөні.

16. Кеден органдары тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу нәтижесінде тауарға қатысты уәкілеттігі бар тұлғада туындайтын қандай-да бір шығыстарды ө т е м е й д і .

17. Сараптама жасау үшін кеден лабораторияларына жіберілген материалдар (тауарлардың сынамалары, үлгілері және ілеспе құжаттар) тиісті белгіленген нысан бойынша (2-қосымша) жасалған Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін тіркеу журналына тіркеледі.

5. Қорытынды ережелер

18. Кедендік сараптама аяқталғаннан кейін мұндай сынамалар мен үлгілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жойылуға немесе кәдеге жаратуға жататын жағдайларды қоспағанда тауардың сынамалары мен үлгілері декларантқа қайтарылады, бұл тиісті журналға жазылады.

Қазақстан Республикасы Кедендік
бақылау агенттігі төрағасының
2003 жылғы 14 мамырдағы N 205
бұйрығымен бекітілген
Тауарлардың сынамалары мен
үлгілерін іріктеудің ережесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

(кеден органының атауы)
тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеудің

Актісі

"___" _____ 200_ ж.

1. Тауардың тұрған жері _____

2. Инспектор _____

_____ декларанттың болуымен

_____ кедендік лаборатория сарапшысының

_____ куә адамдардың қатысумен

(декларант келмей қалған жағдайда немесе кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларында) жүк кедендік декларация бойынша кедендік ресімдеуге ұсынылған тауарларды зерттеуді жүргізу үшін сынамалар мен үлгілердің іріктеуін жүргізді.

3. _____

(сынама, үлгі ретінде алынған әрбір заттың атауы мен саны)

сынамалар мен үлгілер ретінде іріктеу жүргізілді.

4. Болған (қатысқан) адамдардың өтініштері, ескертулері _____

5. Қолдары:

Декларант _____

Кеден органының инспекторы _____

Кеден лабораториясының сарапшысы _____

К у ә а д а м д а р :

1. _____

2. _____

Қазақстан Республикасы Кедендік

бақылау агенттігі төрағасының

2003 жылғы 14 мамырдағы

N 205 бұйрығымен бекітілген

Тауарлардың сынамалары мен

үлгілерін іріктеудің ережесіне

2-қосымша

Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін тіркеу журналы

Тіркеу! Сынама мен ! ЖКД! Сынама мен ! Тауардың атауы. ! Сынама мен
нөмірі! үлгілердің ! N ! үлгілерді ! Сынама мен ! үлгінің
! кеден ! ! іріктеу ! үлгінің ш-сы. ! іріктеуін
! зертханасына ! ! актісін ! Ораманың ! жүргізген
! келіп түскені! ! жасаған күн! сақталуын ! лауазымды
! күні ! ! ! кедендік ! адамның тегі,
! ! ! ! қамтамасыз ету ! аты-жөні
! ! ! ! ! (жа п с ы р м а , !
! ! ! ! ! п л о м б а) !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Кеден зертханасына ! Сынамалар мен үлгілерді
жолдама. Жөнелтілетін ! декларантқа қайтару
қ ұ ж а т т ы ң н ө м і р і , !

